

СТИГМАТИЗАЦИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Салимова Жания Муслимовна

zhsalimova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің психология мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Айтышева А.М.

Стигматизация – бұл өзі бағытталған нысандар үшін ұзақ салдары бар күшті құбылыс. [1] Стигматизация психикалық денсаулықтың нашарлығымен, физикалық аурумен, оқудағы сәтсіздікпен, әлеуметтік мәртебенің төмендігімен, кедейлікпен және тұрғын үйге, білім мен жұмыс орнына шектеулі қол жетімділікке байланысты туындайды. Психологтардың тарапынан бұрыннан стереотиптердің, алалаушылықтың және дискриминацияның себептеріне қызығушылық болғанымен, осы ғасырда олар осы процестердің психологиялық салдарын түсінуге баса назар аударды.

Стигматизацияға қатысты қазіргі көзқарастардың негізін Ирвинг Гоффманның (1963) "Стигматизация: бүлінген сәйкестендіруді басқару туралы жазбалар" классикалық кітабынан табуға болады [3].

Гоффманның айтуынша, стигматизация – бұл жеке адамды "кәдімгі бүтін адамды бүлінген, құнсызданған адамға" айналдыру арқылы беделін жоққа шығаратын атрибут [3]. Дж. Кроккер стигматизация адамда "белгілі бір әлеуметтік контексте құнсызданатын қандай да бір атрибуты немесе ерекшелігі" болған кезде пайда болады деп болжады [1]. Стигматизация белгілері көрінетін немесе көрінбейтін, бақыланатын немесе бақыланбайтын және сыртқы келбетке, мінез-құлыққа немесе адам тиесілі топқа байланысты болуы мүмкін. Сонымен бірге, бір көңіл аударатын мәселе – стигматизация қарым-қатынас пен контекстке байланысты болады, яғни ол адамға емес, әлеуметтік контекстке тән.

Жасалған көптеген зерттеулерден белгілі болғандай, зерттеушілердің көпшілігі стигматизацияны — «қоғам іліп қойған затбелгі» деген әлеуметтік құрылым ретінде қарастырады, сондай-ақ уақыт пен мәдениеттің, мінез-құлық немесе топтардың қандай атрибуттары стигматизацияға ұшырайтындығын анықтады [4]. Зерттеушілер ықтимал қауіптен аулақ болу үшін адамдар белгілі бір «қасиеттерге» ие адамдарды «шеттетуге» (стигматизациялауға) әкелетін когнитивті адаптацияны дамытқан деп болжайды. Мысалы, 1) әлеуметтік алмасу үшін нашар серіктес екенін білдіретін белгілер (сотталған адам), 2) паразиттік инфекцияны тасымалдаушылар (физикалық деформация) немесе 3) топ ішінде

пайда табу үшін пайдалануға болатын сыртқы топтың мүшелері [5]. Ерекшеліктердің осы үш категориясы Гофман ұсынған стигматизация атрибуттарының категорияларымен тығыз байланысты, олар: жеке сипаттағы кемшіліктер, дененің жетімсіздігі және тайпалық стигматизация [6]. Бір анығы, стигматизацияланған топтар көптеген мәдениеттерде қазіргі уақытта да біліктілікке және/немесе «жылуға» қатысты теріс стереотиптерге ұшырайды. Алайда, осы екі өлшем бойынша адамдарды стереотиптеу функционалды болуы да мүмкін, яғни өмір сүру үшін адамдар дос немесе жаудың кім екенін (жылу) және кім жоғары мәртебеге (біліктілікке) ие екенін білуі керек.

Өмірдің маңызды салаларына қол жетімділікті шектеу арқылы дискриминациялау стигматизацияға ұшыраған адамдардың әлеуметтік мәртебесіне, психологиялық әл-ауқатына және физикалық денсаулығына тікелей әсер етеді. Стигматизацияланған топ мүшелері жұмыс орнында, білім беру мекемелерінде, денсаулық сақтау саласында және сот жүйесінде кемсітіледі [6]. Мысалы, қоғамда артық салмағы бар адамдарды өзіне көңіл бөлмейтін, төмен топтың адамдары ретінде тиісті бағаламайды.

Стигматизацияның келесі теріс көрінісі – стигма үміттерді растау не күту процестері арқылы стигматизацияланған тұлғаны басқарады [7]. Қабылдаушылардың теріс стереотиптері мен үміттері стигматизацияланған нысандарға қатысты олардың ойларына, сезімдеріне және мінез-құлқына тікелей әсер ететіндей әрекет етуі мүмкін. Осылайша, нысананың мінез-құлқы күтілген, қате үмітті растауы мүмкін және тіпті нысанның үміттерге сәйкес келетін өзінің қабылдауының өзгеруіне әкеледі [7]. Демек, нысан дамуы үшін басқалардың күтуі, стереотиптері немесе алдын-ала көзқарастары туралы білмеуі керек [8].

Стигматизация топ ішіндегі теріс стереотиптерді автоматты түрде белсендіру арқылы стигматизацияланған тұлғаға әсер етуі мүмкін. Қоғамдағы топтардың басым мәдени стереотиптері кеңінен танымал және басқа адамдар тарапынан кемсітушілік мінез-құлық болмаған кезде де мінез-құлыққа әсер етуі мүмкін. Стереотиптер мен олар анықтаған мінез-құлық арасындағы естегі ассоциативті байланыстар әсерінен стереотиптерді іске қосу автоматты түрде стереотипке сәйкес келетін мінез-құлыққа әкелуі мүмкін [8]. Стигматизацияланған топтардың мәдени стереотиптерін іске қосылуы осы стереотип туралы білетін топ мүшелеріне жатпайтын адамдарды да стереотипке сәйкес келетін мінез-құлыққа сәйкес әрекет етуіне әкелуі мүмкін, Мысалы, К. Уилер сипаттаған экспериментке сәйкес, афро-американдық стереотип іске қосылған ақ американдықтар бұл стереотип жайлы білмеген ақ американдықтарға қарағанда интеллектуалды тапсырманы нашар орындаған [9].

Алайда, стигматизацияланған стереотиптерді іске қосу стигматизацияланғандарды бірнеше себептерге байланысты стигматизацияланбағандарға қарағанда стереотиптік мінез-құлыққа әкелу мүмкіндігі жиірек. Оған бірінші себеп, релевантты стереотиптер релевантты емес стереотиптерге қарағанда үнемі қол жетімді болады, бұл өз кезегінде бірінші стереотиптің активтендіру шегінің төмендеуіне әкеледі. Екіншіден, бірдей жағдайлар стигматизацияға ұшырағандар үшін теріс стереотиптерді тудыруы мүмкін, бірақ стигматизацияға ұшырамайтындар үшін әсері болмауы мүмкін. Соңында, әлі де дәлелденбеген болса да, теріс стереотиптерді іске қосатын, сонымен бірге стигматизацияланған топтардың мүшелері арасындағы өнімділікті төмендететін жағдайлар кейде стигматизацияланбаған топтардың мүшелері арасында өнімділікті керісінше арттырады [11].

Стигматизацияға қазіргі заманғы көзқарастар стигматизацияның салдары стигма нысаны басқалардың оларды қалай қабылдайтынын түсіну, әлеуметтік контекстерді, сондай-ақ олардың мотивтері мен мақсаттарын түсінуі арқылы делдал болатын дәрежеге баса назар аударады. Бұл теориялар адамдардың қоршаған ортаны және релевантты мотивтерді түсінуі өз эмоцияларын, сенімдері мен мінез-құлқын қалай қалыптастыратындығына екіпін қояды. Сонымен бірге, теория интерпретация стигма нысанының теріс стереотиптер мен дискриминацияның объектісі болуымен байланысты тәжірибеден туындайды деген болжамнан шығады. Бұл көзқарастар стигматизация адамның әлеуметтік сәйкестігіне қауіп төндіреді деп болжайды. Мысалы, Дж. Кроккер мен Б. Мейджор [12] стигматизация өзін-өзі

бағалауға (жеке және ұжымдық) қауіп төндіреді және атрибутивті екіұштылыққа, яғни нәтижелер жеке басына немесе әлеуметтік сәйкестікке байланысы жайлы белгісіздікке әкелуі мүмкін деген болжам жасады. Стил [12] топтық теріс стереотиптер тиісінше стереотиптеу қаупіне, адамның өзін қоғам осы стереотиптер негізінде пікір түйю немесе растауы мүмкін деген ситуациялық қорқынышқа әкелуі мүмкін деп болжады. Стил белгілі бір топтың құнсыздығын, маргиналдығын және мәртебесі төмен екендігін көрсететін мәдениет туралы ақпарат немесе ситуациялық сигналдар әлеуметтік сәйкестілік қаупіне, яғни құнсызданған әлеуметтік топқа немесе санатқа жататындығына байланысты пайда болатын "Мен" концепциясына қауіп төндіреді деген болжам жасады [10]. Бұл өз кезегінде қазіргі стигматизация жайлы зерттеулерде жеке басының сәйкестігіне туатын қауіп теорияларының басымдық көрсетуіне алып келді.

Бұдан бөлек, қазіргі уақытта тек стигманың тұлғаға әсері ғана емес, сонымен бірге стигманың алдын алу, сауықтыру шаралары да белсенді қолға алынып жатыр. Оның ең тиімді амалы – ақпараттандыру. Стигматизацияны алдын алатын білім беру шаралары жалған ақпаратты түзету немесе теріс көзқарастар мен нанымдарды теріске шығару мақсатында стигматизацияланған жағдай туралы нақты ақпаратты ұсынады. Олар нақты емес стереотиптерге немесе мифтерге қарсы тұрады, оларды дәлелденген ақпаратпен алмастырады. Мысал ретінде психикалық аурулары бар адамдар қатыгез өлтірушілер деген идеяны психикалық аурулары бар адамдар мен өзге қоғам мүшелері арасында кісі өлтіру көрсеткіштері бірдей екенін көрсететін статистикалық мәліметтерді ұсыну арқылы жоққа шығаруға бағытталған білім беретін кампания бола алады. Білім беру кампаниялары жергілікті деңгейден ұлттық деңгейге дейін кез-келген масштабта жасалады, бұл стигматизацияны алдын алудың ең тиімді тактикасы ретінде білім беру іс-шараларының тиімділігі жоғары екендігін тағы көрсетеді. Білім беру іс-шараларын жүргізу, әдетте, қоғамдағы стигмамен күреске бағытталса да, танымдық және мінез-құлықтық терапия компоненті ретінде жүргізілген кезде өзін-өзі стигмалауды азайтуда, стресс-менеджментті жетілдіруде, өзін-өзі бағалауды арттыруда тиімді деп танылды. Олар сондай-ақ қабылдау және міндеттемелік терапияда, психикалық денсаулық пен ауруға қатысты құндылықтарды өзгерту үшін міндеттеме мен мінез-құлық стратегияларын өзгертумен қатар қабылдау және ұғыну стратегияларын пайдаланатын интервенцияда тиімді болды.

Екінші тәсіл – байланыс орнату. Стигматизация күйлерінің кең спектріне қарамастан, стигма әсері жоқ адамдар осы әсер бар адамдармен байланысты аз жасайды. Ал байланыстың болмауы, әрине, жайсыздық, сенімсіздік пен қорқынышты тудырады. Байланыс пен араласулар осы тұлғааралық алшақтықты жоюға және осы топтар арасындағы оң өзара әрекеттесу мен байланысты арттыруға бағытталады. Байланысқа негізделген мінез-құлық денсаулығы саласындағы стигматизацияға қарсы іс-шаралар аясында психикалық аурулары бар немесе психоактивті заттарды қолданумен байланысты бұзылулары бар адамдар өз проблемалары мен жетістік жолын баяндай отырып, көпшілікпен өзара әрекеттеседі. Бұл стратегиялар жеке негізде әлеуметтік стигматизацияны төмендетуге бағытталған, бірақ сонымен бірге, өз құқығы мен өкілеттіктерін кеңейту және өзін-өзі бағалауды арттыру сезімін тудыру арқылы өзін-өзі стигматизациялауға қарсы пайдасын тигізетіні көрсетілді.

Қоғамда наразылық және насихат жүргізудің де пайдасы айтарлықтай жоғары. Наразылық стратегиялары азаматтық құқықтар бағдарламаларын ілгерілетуге негізделген. Наразылық хабарламалары мен үгіт-насихат мінез-құлық денсаулығы саласының стигматизациясын өзгертуге белгілі бір қаражат салған, бірақ өз нанымдарын іс-әрекетке қалай енгізу керектігі туралы шектеулі білімі бар адамдарды тартуға және іске қосуға көмектеседі. Іс-әрекетке шақыру стигматизацияның зиянды әсерлері туралы хабардар бола отырып, оған қатыспаған мүдделі тараптарды шақыра алады. Топтық наразылықтар сонымен қатар мүдделі тараптарға кездесуге және ынтымақтастық пен ортақ мақсат сезімін дамытуға мүмкіндік береді. Наразылық және үгіт-насихат науқандарының мақсатты топтары саясаткерлер, журналистер немесе қоғам қайраткерлері сияқты қоғамдық пікір көшбасшылары болып табылады. Олардың ортақ мақсаты – теріс көзқарасты өзгерту,

жағымсыз көріністерді немесе мазмұнды жою болып табылады. Ал наразылық заңнамалық реформаға бағытталған кезде, мақсат көбінесе құқықтарды қорғауды күшейту және қамтамасыз ету, әлеуметтік ресурстарға қол жетімділікті кеңейту және теңсіздікті азайту болып табылады.

Қорытындылай келе, стигматизация теріс стереотиптер, оқшаулау, дискриминация және төмен мәртебенің өршуіне мүмкіндік беретін билік үстемдік еткен жағдайда пайда болатынын байқауға болады. Бір қызығы стереотиптер, оқшаулау, дискриминация, төмен мәртебе және тағы басқалары – осы тізімдегі терминдердің әрқайсысы стигматизацияның синонимі ретінде жиі қолданылатынына қарамастан, стигматизация осы процестердің кез-келгеніне қарағанда кеңірек және жан-жақты ұғым болып табылады. Осы мақаланы жазу барысында стигманың табиғатын жан-жақты ашып сипаттаған авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, мақаланың бірінші сөзінен соңғы нүктесіне дейін стигматизация жайлы жаза отырып, оның жеке дара тұлға үшін потенциалды қаупі орасан зор екендігіне тағы бір рет көз жеткіздім. Стигматизация жайлы еңбектер, ондағы ақпарат және оның нақты қауіптері жайлы жасалған жұмыстардың көптігіне қарамастан, өкінішке орай, стигманы алдын алу, сауықтыру шаралары жайлы ақпарат едәуір сирек кездеседі және осы мақалада бұл ақпарат бір бетке жуық орынға ғана ие болды. Менің жеке пікірім негізінде бұл бір нәрсені ғана білдіреді – қоғам мүшелері өз дүниетанымын кеңейтпей тұрып, әр кезде де қоғамда стигмаға орын табылады, ал бұл тиісінше оның құрбандарының да азаймайтындығын білдіреді. Осы мақаланы пайдалана отырып, Рафаэлло Джованьолидің сөздерінің кереғарлығын атап өтпеске болмайды. Джованьолидің айтуы бойынша «...қоғам әрқашанда иелер мен құлдарға, байлар мен кедейлерге, ақсүйектер мен қарапайым халыққа бөлінді және солай болып қалады да...». Менің ойымша, қоғамды аздырған бұл «ауыр дерттен» адамзат міндетті түрде «жазылып шығуы» тиіс, себебі қоғам – барлық адамзаттың қауіпсіздік пен жайлылықта өмір сүре алуға құқығы бар ортақ панасы және онда әрбір тұлғаға орын бар екенін естен шығармауға шақырамын!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- [1] Crocker, Jones, Link & Phelan *The Social Psychology of Stigma: Conceptualizing stigma*, 2001.
- [2] Allison, Braddock & McPartland, Clark, Yinger *Stereotyping, Prejudice & Discrimination: Racial Archives* 1994.
- [3] И. Гофман "Стигма. Заметки об управлении испорченной идентичностью", 1963.
- [4] Crocker, Jones *Prejudice, Social Stress, and Mental Health*, 1998
- [5] Kurzban & Leary *Evolutionary Origins of Stigmatization: The Functions of Social Exclusion. Psychological Bulletin*, 2001.
- [6] Crandall & Eshleman *A Justification-Suppression Model of the Expression and Experience of Prejudice. Psychological Bulletin*, 2003.
- [7] Deaux & Major, Jussim, Darley & Fazio *Expectancy-Confirmation Processes Arising in the Social Interaction Sequence*, 1980.
- [8] Snyder *Social perception and interpersonal behavior: On the self-fulfilling nature of social stereotypes* 1977.
- [9] Wheeler *The Effects of Stereotype Activation on Behavior: A Review of Possible Mechanisms. Psychological Bulletin*, 2001.
- [10] Tajfel & Turner *The social identity theory of intergroup behavior*, 1986.
- [11] Walton & Cohen *Reducing Stereotype Threat*, 2003.
- [12] Crocker, Major, Steele *Social Stigma*, 1998.